

Хабарландыру: Ташкентте көпмодальды тасымал бойынша халықаралық форум өтеді

Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ)Хатшылығы Өзбекстан Республикасының Көлік министрлігі, логистика орталықтары мен жүк тасымалдаушылар альянсы, сондай-ақ ТМҰ-ның ұйтқысымен 2025 жылғы 12 қарашада Ташкент қаласында көпмодальды тасымал бойынша форум өтетінін хабарлайды.

Форумның мақсаты – көпмодальды тасымал бағыттарын дамытуға серпін беру үшін сындарлы пікірталас алаңын құру, білім және тәжірибе алмасуға, сондай-ақ ортақ бастамаларды жүзеге асыруға мүмкіндік жасау.

Бұл жоғары деңгейлі басқосу көпмодальды көлік дәліздерін дамыту, логистика саласына цифрлық шешімдерді енгізу, транзиттік әлеуетті арттыру және көлік саласында экологиялық таза және «жасыл» технологияларды ілгерілету мәселелеріне арналған кең ауқымды талқылауларды қамтиды.

Форум бағдарламасы мынадай бағыттар бойынша тақырыптық панельдік сессияларды қамтиды:

- Шекарааралық логистика және кедендік реттеу
- Цифрландыру және платформалық технологиялар
- Инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалар
- Экологиялық тұрақты тәсілдер және «жасыл логистика»

Түркі әлемінің жетекші көлік және логистика компанияларын, бизнес өкілдерін және мүдделі тараптарды осы маңызды шараға қатысуға шақырамыз!

Жаңа мүмкіндіктерді бағамдап, құнды идеялармен бөлісетін алаңда көлік саласының болашағын қалыптастыруда өз үлесіңізді қосуға асығыңыз!

Өтетін күні: 2025 жылғы 12 қараша

Өтетін орны: JW Marriott Hotel Tashkent

Мекен-жайы: Ташкент қ., Батыр Закиров көшесі, 5/7, 7-ғимарат

Форумға тіркелу:

<https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSckNYp1zMkDlaOIctPZQ84hrL8Xn2HgZDpN8AlovDpQjfyoWQ/viewform?usp=dialog>

Форумға тіркелудің соңғы күні: 2025 жылғы 25 қазан

Форумның толық бағдарламасы мен тұжырымдамасы төмендегі сілтемеде берілген:

https://drive.google.com/drive/folders/1GQLJYYSUPIzWZ-dxp-7Q_CqbLX5FDzc-?usp=sharing